

**«Балдырған» бөбекжайы МКҚК**  
**«Адал Азамат: біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша**  
**АНЫҚТАМА**  
**2025-2026 оқу жылы**

«Адал Азамат: біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында бөбекжайда жоспар бойынша балалардың жас ерекшелігіне, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып жұмыс атқарылады. Үнемі күнделікте ұйымдастырылған іс-әрекетте, ойын кезінде педагогтер тақпақтарды, өтірік өлеңдерді, санамақтарды, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдерді, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қорын дамыту үшін әдістерді қолданады.

Қазақстан Республикасының «Тілдер күні» мерекесіне орай апталықтың іс-шаралары өтті: Тақырыбы: «Менің тілім - менің мақтанышым!» тақырыптық сағаттар өтті. Мақсаты: Балаларға ана тілі туралы түсінік беру. Өзінің ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, ой - өрісін, сөздік қорын дамыту. Туған халқының тілін қастерлеуге тәрбиелеу.

«Ана тілі-отбасынан басталады» тақырыбында ата-аналарға «Алдар Көсе хикаялары» атты ертегілерді балалармен бірге оқу тапсырмалары берілген болатын. Кіші және ортаңғы топтарда «Қуыр, қуыр, қуырмаш» атты тіл ұстарту ойындары өткізілді.

«Мен отбасымды мақтан тұтамын» атты ата-аналармен жұмыс жүргізілді, үйге тапсырма берілді, бейне жазба түсіру. Ата-аналар белсене қатысты. Тәрбиеленушілермен "Ұлттық ойын-ұлт қазынасы" атты ұлттық ойындар жарысы өтті. " Бестемше" және «Бес асық» ойындары.

Қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында балалармен «Өрттен сақ бол!» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Балаларға өрт туралы түсінік беру. Өрт тілсіз жау, өрттен сақтану жолдарын үйрету. Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Республика күніне орай топтарда ертеңгіліктер өтті:

Тақырыбы: «Мен Отаныммен мақтанамын!»

Мақсаты: Балаларды туған жерін, туған елін, халқын құрметтеуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі- туған Отанды сүйуден басталатындығын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Бүлдіршіндер жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, мемлекетін құрметтей білуге тәрбиелеу.

«Аналар мектебі» аясында: Аналардың саналы ата-ана болу құзыреттілігін күшейту, бала тәрбиесінде адамгершілік, еңбекқорлық, отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбиені біріктіре отырып, қоғамға адал азамат қалыптастыру. Отбасындағы тәрбиелік модельді күшейту. Анаға баланың жас ерекшелігіне сай тәрбие беру дағдыларын үйрету: эмоцияны басқару,

әңгімелесу мәдениеті, махаббат тілдерін қолдану мақсатында аналармен жұмыс жүргізіледі.

«Өнегелі 15 минут» іс-шарасына ата-аналар белсене қатысады, балалармен тәлім-тәрбие және еңбекке бауылу жайлы әңгімелер жүргізіп, бейне клип түсіреді.

Барлық материалдар Instagram, Facebook желісіне жарияланды.

**Ұсыныс:**

Отбасылық дәстүрлерді дәріптеуді, ұлттық құндылықтарды туралы түсінікті қалыптастыруды жалғастыру.

**Қорытынды:**

Іс-шаралар балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп өткізілді. Барлық қауіпсіздік ережелері сақталды.

Педагог-ұйымдастырушы:



**З. Д. Бекбаева**